

* Сәкен
Сейфуллин
1894-1938жж





*** Сәкен Сейфуллин
туралы ой-пікірлер**

*Ғабит Мүсірепов



*Тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған. Сәкен қазақ совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшысы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді.



Сырбай Мауленов

- * «Өлімге жан екенсің қия алмайтын,
- * Өлеңнің құшағына сыя алмайтын.
- * «Қазақты көргің келсе, міне, осы деп» деп,
- * Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын».

*Сәкенді қызылдар жағында, ал біздерді «орда» жағында болды демесеңдер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді.

***Әлімхан
Ермеков**



- * «Жырламасқа теңіздей,
- * Қуаныштың шегі жоқ.
- * Ардақталған өзіңдей,
- * Қазақта ақын тегі жоқ».



*** Ілияс Жансүгіров**

*Сәкен еңбегіне сыншы да, тарихшы да емес, жай қатардағы оқушы есебінде көз жіберсек, өзгеде жоқ екі түрлі қасиеті басымдап айқындала шығады. Мұның біріншісі – жалтағы жоқ шыншылдығы, екіншісі – ақындық тәкаппарлығы.

***Мұхтар Әуезов**

* Сендер мені осы уақытқа шейін қазақ кеңес әдебиетінің бастаушысы деп білдіңдер. Енді шындықты біле жүріңдер, сол әдебиеттің негізін қалаушы, алғашқы туын көтеруші – Сәкен Сейфуллин. Сондықтан мен көптің бірімін, ал Сәкен – қазақ совет әдебиетінің атасы.

*** Сәбит Мұқанов**

*Есіме түскен сайын орта бойлы, толқынды қара шашты, өткір ойлы көзді, сымбатты, көрікті, түсі ақ пен қараның аралығындағы қоңырқай кісі көз алдыма келеді.

*Қадала қарағанда сыртыңды түгіл, ішінді көріп тұрғандай. Ал, оған қадалған көздер, әсіресе, әйел көздері оңай айырыла алмайтын. Сырты өте сұлу, кербез, тәкаппар, іші өте қарапайым, кішіпейіл еді.

***Ғабиден Мұстафин**